

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысымен бекітілген "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы" ережеге өзгерістер мен толықтырулар

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 316 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 305 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Төраға

К ү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л ғ а н
нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

10. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы" ережеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" 1999 жылғы 7 қазандағы N 316 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 967 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" N 23 басылымдарында 1999 жылғы 8-21 қарашада жарияланған)...

Бухгалтерлік есепті жетілдіре түсу және 1999-2001 жылдары банк жүйесіндегі бухгалтерлік есепке халықаралық стандарттарды енгізу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысымен бекітілген "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы" ережеге, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 31 наурыздағы N 89,

1997 жылғы 30 сәуірдегі N 135, 1997 жылғы 15 қазандағы N 375, 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 411, 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 470, 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 339 қаулыларымен бекітілген өзгерістері мен толықтыруларына ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Рахметова С.К.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы" ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін;

2) осы қаулыны және "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы" ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ.Абдулинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 7 қазандағы
N 316 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысымен бекітілген
"Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу
тәртібі туралы" ережеге өзгерістер мен толықтырулар

1. 10-тармақтың бірінші азатжолындағы үшінші және төртінші
с ө й л е м а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2. Мынадай мазмұндағы 10-1 тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Банктер бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына
кезең-кезеңмен жетуді қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк белгілеген
мерзімде және қойған талаптарға сәйкес:

- 1) бухгалтерлік есепті қазақстандық стандарттарға сәйкес жүргізуді;
- 2) барлық жүргізілетін операциялар бойынша қосымша есеп конвертациясын;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 237 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші

деңгейдегі банктерінде бухгалтерлік есептің есепшот жоспарына негізделген бас бухгалтерлік кітаптың болуын;

4) бас бухгалтерлік кітап пен қосымша кітаптардың толық пайдаланылуына кепілдік беретін бухгалтерлік есепті автоматтандырудың бағдарламалық қамтамасыз етілуін, сондай-ақ ақпарат өңдеудің орталықтандырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ұлттық Банк банктердің бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына көшуі бойынша мерзімдер мен талаптарды (критерийлерді) олар ұсынған Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына жету жөніндегі іс-шаралар жоспарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасында бекіту жолымен әрбір банк үшін жеке белгілейді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы